# За политехнические знания

№10(1636) | 30 желтоқсан 2024 ж.

ҚарТУ газеті 1958 жылдан бастап ай сайын шығады

www.kstu.kz




# Рекордное финансирование научно-исследовательской работы

**В 2024 году Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова достиг значительного успеха в области научно-исследовательской деятельности, впервые получив финансирование, превышающее 2 млрд. тенге. Эта сумма включает в себя различные источники: хозяйственные договоры, государственный бюджет, грантовое финансирование, программно-целевые проекты, а также инициативы в рамках программ «Жас ғалым» и конкурса молодых ученых.**

В рамках хоздоговорной деятельности университет заключил 49 хозяйственных договоров и реализовал 46 инновационных проектов, что стало уникальным достижением для КарТУ имени Абылкаса Сагинова. Среди крупных партнеров университета — ведущие предприятия Карагандинского региона, такие как: АО «Кармет», ТОО «Казахмыс», ТОО «Шубарколь Комир», ТОО «Жайремский ГОК», ТОО «Мэйкер» и другие.

Такое сотрудничество укрепляет научно-технические связи региона и способствует развитию промышленных предприятий за счет внедрения инноваций.

Кроме того, особое внимание было уделено грантовому финансированию и коммерциализации научных разработок. В соответствии с посланием Президента и рекомендациями Министра науки и высшего образования Саясата Нурбека, КарТУ впервые в этом году подал 6 крупных проектов на грантовое финансирование в области коммерциализации с общим объемом финансирования 1 млрд. 759 млн. тенге. Эти проекты ориентированы на горно-металлургическую отрасль и транспорт. Помимо этого, ученые КарТУ вовлечены в решение задач по развитию транспортной системы области и сотрудничают в рамках выполнения научного проекта с местным исполнительным органом.

Ранее университет успешно реализовал проект по производству антикоррозионных покрытий, который за три года принес прибыль в размере 1 млрд. тенге. Эти достижения подтверждают высокий потенциал ученых университета.

Отметим, что на конкурс грантового финансирования на 2025–2027 годы университет подал 35 инновационных проектов, которые в настоящее время проходят экспертизу. Кроме того, в рамках программы «Жас ғалым» было подано 17 проектов, а на конкурс молодых ученых — 16. Это демонстрирует высокую активность исследовательской деятельности и наличие мощного научного потенциала.

Достижения КарТУ имени Абылкаса Сагинова свидетельствуют о значительном вкладе профессорско-преподавательского состава и ученых университета в решение конкретных задач различных отраслей и предприятий. Это не только укрепляет благосостояние сотрудников, но и повышает имидж университета среди высших учебных заведений Казахстана.

Сложившаяся динамика показывает, что КарТУ продолжит укреплять свои позиции в научной сфере и в 2025 году. Университет планирует активное участие в новых программах и расширение сотрудничества с промышленными предприятиями региона.

Этот успех стал возможным благодаря эффективному руководству, командной работе сотрудников Saginov Technical University и поддержке Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.

## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ
## ЧИТАЙТЕ В НОМЕРЕ




**Энергетика и окружающая среда**

Международная конференция в Узбекистане объединила ученых из пяти стран мира

Стр. 3.



**Global Korea Center**

Делегация Южнокорейского центра посетила КарТУ имени Абылкаса Сагинова

Стр. 7.



**Битумная модификация**

Уникальные испытания провели на кафедре Строительные материалы и технологии

Стр. 9.



**Увековечили память**

Презентация книги памяти Юрия Обухова

Стр. 11.

# QS World University Rankings

**Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті QS World University Rankings: Sustainability 2025 рейтингісіне еніп, 1451–1500-орынды иеленді.**

Рейтинг әлемнің қай университеттері әлеуметтік және экологиялық тұрақтылық саласында көшбасшы екенін көрсетеді. Бүгінгі таңда бұл рейтинг университеттерді бағалау саласындағы ең беделді рейтингтердің бірі болып табылады. Қолданылатын индикаторлар жүйесі бүкіл әлемде білім сапасын бағалаудың сенімді құралы ретінде танылды.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде тұрақты даму саласында белсенді қызмет жалғасуда, қарқынды жұмыстың нәтижесі ЖОО-ның QS World University Rankings: Sustainability 2025 рейтингінде қазақстандық жоғары оқу орындары арасында 13-орын алуы болды.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Халықаралық рейтингтерде ілгерілеуі оның зерттеу университетінің моделіне көшуге бағытталған қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткізілген жаһандық бәсекеге қабілеттілігін айғақтай түседі.

# Мақсаттарды біріктіру — бірлік пен табысқа апаратын жол!



**Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-да И. Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университеті жанындағы академик Ө. Асаналиев атындағы Қырғыз тау-кен металлургия институтының директоры Абдиев Арстанбек Раимбекұлының қатысуымен өнімді кездесу өтті. Күн тәртібінде ғылымды дамыту, кадрлар даярлау және тау-кен металлургия саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту мәселелері қаралды.**



**Талқыланған негізгі мәселелер:**

**Ғылым мен инновациялардың дамыту.** Минералды пайдалы қазбаларды өндіру мен өңдеудің тиімділігін арттыру үшін инновациялық шешімдерді зерттеуге арналған бірлескен ғылыми жобалар талқыланды. Мысалы, геомеханика саласындағы жобалар.

**Академиялық ынтымақтастық.** Пайдалы қазбалар кен орындарын игеру кафедрасының Қырғыз тау-кен металлургиялық институтымен өзара әрекеттестігіне ерекше назар аударылды. Келесі шаралар жоспарлануда:

- Бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу;
- Қос дипломдық бағдарламалар әзірлеу;
- Профессорлар мен студенттер үшін академиялық ұтқырлық алмасулар ұйымдастыру.

**Ғылым мен өндірістің байланысы.** Ғылыми әзірлемелердің өндіріс саласына енгізілуі мен технологиялық трансфердің маңызы ерекше атап өтілді. Айталық, Қырғызстан мен Қазақстанның ірі кәсіпорындары базасында оқу-өндірістік алаңдар құру мәселелері талқыланды.

**Бұл неге маңызды?**

Тау-кен металлургия саласы — біздің елдеріміздің экономикасы үшін маңызды салалардың бірі. Қырғызстанда бұл сала ЖІӨ-ге 20 %-дан астам үлес қосады, ал пайдалы қазбаларды экспорттау жалпы экспорттың 40 %-ын құрайды. Университеттер мен ғылыми институттардың бірлескен жұмысы білім сапасын жақсартумен қатар, саланы жаңартатын жаңа шешімдер жасауға мүмкіндік береді.

Ғылым, білім және өндіріс күштерін біріктіре отырып, біз тұрақты дамудың және жаңа биіктерге жетудің негізін қалап отырмыз!

# Трехстороннее соглашение в рамках проекта Erasmus+

**В первой декаде декабря кафедрой «Разработки месторождений полезных ископаемых» Карагандинского технического университета имени Абылкаса Сагинова, Германским Техническим университетом Фрайбергской Горной Академии (Technical University of Bergakademie Freiberg) и Австрийским Горным Университетом Леобена (Montanuniversität Leoben) подписали трехстороннее соглашение о реализации совместной образовательной программы магистратуры «Перспективное освоение минеральных ресурсов» в рамках Международного образовательного проекта Erasmus+.**



Совместная образовательная программа магистратуры позволит получить уникальный опыт обучения за рубежом, повысить конкурентоспособность обучающихся, познакомиться им с новой страной и ее культурой, а также расширить горизонты международной коллаборации кафедры «Разработки месторождений полезных ископаемых».

Церемония подписания соглашения совпала с празднованием Международного Дня Святой Барбары — 4 декабря. Святая Барбара в университетах европейских стран является покровительницей горняков и шахтеров.

*Проект стартует с января 2025 года и рассчитан на период до конца 2027 года.*








# За вклад в развитие науки и педагогическое призвание

**На Ученом совете КарТУ имени Абылкаса Сагинова чествовали победителей и номинантов республиканских конкурсов.**

**За вклад в разработку модели национального языка и расширение сферы применения государственного языка Почетными грамотами Министра науки и высшего образования Республики Казахстан награждены:**

- Айжан Амиргалина — старший преподаватель кафедры «Рудничной аэрологии и охраны труда»;
- Айнур Жантуганова — переводчик Института непрерывного образования;
- Сания Кантбекова — переводчик Института непрерывного образования.

**По итогам республиканского конкурса шестеро наших преподавателей получили почетное звание «Лучший преподаватель 2024 года»:**

- Али Мехтиев — Член Правления — Проректор по науке и инновациям;
- Владимир Демин — профессор кафедры «Разработки месторождений полезных ископаемых»;
- Валерий Калытка — и.о. профессора кафедры «Энергетических систем»;
- Галия Рахимова — доцент кафедры «Строительных материалов и технологий»;
- Айман Копобаева — доцент кафедры «Геологии и разведки месторождений полезных ископаемых»;
- Сания Аринова — старший преподаватель кафедры «Нанотехнологий и металлургии».

**Также были подведены итоги республиканского конкурса научной стажировки в рамках программы «500 ученых». Два наших преподавателя успешно прошли отбор и получили возможность научной стажировки в Университете Гумбольдта (Германия):**

- Айжан Амиргалина — старший преподаватель кафедры «Рудничной аэрологии и охраны труда»;
- Бекжан Исаков — преподаватель этой же кафедры.

Следует добавить, что несколько ранее, состоялась торжественная церемония по подведению итогов и награждению Академий Huawei Республики. По результатам 2024 года Академия Huawei при Карагандинском техническом университете имени Абылкаса Сагинова получила сертификат и вошла в список лучших Академий в номинации «BestPerfomedAcademy» за привлечение большого охвата активных обучающихся и успешное выполнение годового плана, определенного компанией Huawei в начале года. Соответствующий сертификат был вручен Нурболу Калиаскарову — заведующему кафедрой ТСС.

***От всей души поздравляем победителей с достигнутыми успехами! Желаем новых побед как на республиканском, так и международном уровне!***








# Энергетика и окружающая среда в Центральной Азии и США

**С 16 по 21 декабря в г. Ташкент (Узбекистан) прошла конференция по энергетике и окружающей среде в Центральной Азии и США по программе C5+O.N.E. (Opening Networks through English).**




Конференция C5+O.N.E. предоставила возможность продемонстрировать свою работу и пообщаться с участниками из пяти стран Центральной Азии по вопросам сохранения окружающей среды.

Данная конференция была организована по итогам программы C5+O.N. Все участники программы в 2024 году проходили курсы английского языка в течение девяти месяцев по направлению охраны окружающей среды и энергосбережения. Курсы позволили обучающимся расширить свои знания английского языка по профессиональному направлению — экологии и презентовать свои доклады на английском языке. По итогам конкурса докладов участники программы и приехали на конференцию пяти стран в город Ташкент.

Кафедра «Рудничной аэрологии и охраны труда» Карагандинского технического университета имени Абылкаса Сагинова (старший преподаватель Е.Цешковская) приняла участие в данной конференции с докладом по направлению охраны окружающей среды при добыче полезных ископаемых.

В ходе встречи важным аспектом являлся обмен опытом с участниками программы из других стран, работающих в сфере экологии и природопользования. Каждый участник представил свой доклад на английском языке по различным природоохранным тематикам, в том числе, по зеленой энергетике, сохранению ледников и биоразнообразия, переработке отходов, по сохранению водных ресурсов и ландшафтов. Состоявшийся на конференции обмен опытом и знаниями сослужит добрую службу делу охраны окружающей среды.

# Қазақ тілі ғылымының халықаралық конференциядағы жаңа белесі

**Еске сала кетейік, озық ғылыми технологияларды трансферттеу мақсатында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев әлемнің жетекші зерттеу орталықтарында біздің 500 ғалымның жыл сайынғы тағылымдамадан өтуін қамтамасыз етуді тапсырды. Бұл тағылымдамалар шетелдік жетекші жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында, ғылыми орталықтарда және салалық ұйымдарда ғылыми, ғылыми-техникалық кадрлардың біліктілігін арттыруды мақсат етеді.**



Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасының доценті Қаламқас Қалыбекова да осындай тағылымдамадан өтуге құқық беретін Қазақстан Республикасының «Болашақ» халықаралық бағдарламасы шеңберінде ғылыми қызметкерлер мен оқытушыларға арналған халықаралық стипендияның иегері атанды. Осының арқасында ол 2024 жылдың 3-ақпаны мен 3-желтоқсаны аралығында Түркия Республикасындағы Кастамону университетінде тағылымдамадан өтті.

Тағылымдаманың ғылыми бағытына сәйкес Қ.Қалыбекова Scopus базасында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (ҒЖБСҚК) ұсынған журналдарда бірнеше мақала жариялады. Тағылымдама барысында ол Стамбул, Ақсарай, Анкара, Эскишехир, Конья қалаларындағы семинар-тренингтерге, халықаралық симпозиумдарға, конференцияларға, халықаралық конгрестерге қатысып, тиісті сертификаттар алды. Сондай-ақ, Кастамону университетінде Түрік аудиториясы үшін қазақ тілі бойынша дәріс оқыды.

Қ.Қалыбекова университеттегі ғылыми жұмысымен қатар қазақстандық ғалымдармен және студенттермен бірге Халықаралық әйелдер күнін, ұлттық мәдениеттің шетелде танымал болуына оң ықпал ететін Наурыз мерекесін, ұлттық қазақ киімдері күнін атап өтіп, басқа да қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысты. Мұның бәрі тағылымдама туралы ұмытылмас әсер қалдырып, білім аясын кеңейтіп, тәжірибемен байыта түсті.

# Встреча ученых Казахстана и Узбекистана



**20 декабря на кафедре «Маркшейдерского дела и геодезии» Карагандинского технического университета имени Абылкаса Сагинова состоялся круглый стол. В нем приняли участие зарубежный гость — вице-президент ISM (международного союза маркшейдеров), д.т.н., профессор кафедры «Маркшейдерского дела и геодезии» Ташкентского государственного технического университета С.Саидкосымов, а также выдающийся ученый, д.т.н., профессор кафедры «Маркшейдерского дела и геодезии» Казахского национального исследовательского технического университета имени К.И.Сатпаева М.Нурпеисова и д.т.н., профессор, заведующий лабораторией Института горного дела имени Д.А.Кунаева Н.Жалғасұлы.**

От КарТУ имени Абылкаса Сагинова в работе круглого стола участвовали д.т.н., профессор Ф.Низаметдинов; д.т.н., доцент В.Долгоносов; д.т.н., доцент С.Ожигин; к.т.н., доцент О.Бесимбаева; к.т.н. доцент С.Ожигина; заведующая кафедрой, к.т.н., доцент Е.Хмырова.

В ходе проведения круглого стола были обсуждены актуальные вопросы подготовки квалифицированных специалистов маркшейдерского и геодезического профилей, научной работы, международного сотрудничества.

Было отмечено, что кафедра «Маркшейдерского дела и геодезии» является единственной в Казахстане, осуществляющая трехуровневую подготовку специалистов по направлению «Маркшейдерское дело». Это достижение является результатом слаженной работы всего коллектива кафедры. Важным этапом явилось открытие докторантуры «Маркшейдерского дела».

Коллеги поделились своими успехами и достижениями. Они предложили программу проведения очередного форума «Союза маркшейдеров Казахстана», создателем которого является президент, академик НАЕН РК Ф.Низаметдинов.

Международный форум «Союза маркшейдеров Казахстана» планируется провести на базе Карагандинского технического университета имени Абылкаса Сагинова в сентябре 2025 года. «Союз маркшейдеров Казахстана» проводит огромную работу, начиная с 2011 года. Один раз в два года кафедра «Маркшейдерского дела и геодезии» проводит мероприятия с участием производственников, выпускников кафедры, ученых дальнего и ближнего зарубежья. На круглых столах, в рамках проведения форума решаются проблемы и задачи в проведении маркшейдерско-геодезического контроля объектов отраслей экономики РК, применения цифровых технологий картографо-геодезического и маркшейдерского обеспечения для реализации государственной программы «Цифровой Казахстан». Запланированный форум продолжит работу в этом направлении и станет новым шагом в реализации намеченных планов.

# Налаживая связи

**Во второй декаде декабря группа ученых КарТУ имени Абылкаса Сагинова в составе профессоров кафедры «Нанотехнологии и металлургии» Св. Квон, В.Куликова и старшего преподавателя С.Ариновой побывала Ташкентском государственном транспортном университете.**



Цель командировки — проведение независимых исследований в рамках программы, научные консультации и повышение квалификации в области сложнолегированных сталей.

В ходе поездки были обсуждены возможности сотрудничества между Ташкентским государственным транспортным университетом и Карагандинским техническим университетом имени Абылкаса Сагинова. Проведены научные консультации с д.т.н., профессором Ташкентского государственного транспортного университета Юлбарсхоном Мансуровым и PhD, доцентом кафедры «Технологии машиностроения» Навоийского государственного горного и технологического университета (г. Навои) Ахмаджоном Жумаевым в рамках программно-целевого финансирования.

Поездка сполна оправдала ожидания наших ученых, оказалась полезной и плодотворной.

# Қазақ тілін оқытуда жасанды интеллектіні қолдану тиімді ме?!



**Ғаламданумен қарым-қатынаста тілді үйрену мен үйрету қажеттілігі күннен-күнге артып келе жатыр. Тіпті соңғы бес жылға артқа шегінер болсақ, қазіргі кезде мемлекеттік тілді үйренуге ынталы адам саны артты. Тіл үйренушілерге жасанды интеллектіні пайдаланудың негізгі жолдарының бірі мобильді қосымшалар, интернет ресурстары, онлайн платформаларды пайдалануды қамтиды.**

Жасанды интеллект деген не? Әрі оны қазақ тілінде қолдану не үшін қажет деген сұрақтар төңірегінде сөз өрбітер біршама негіз бар. Қазіргі жаһандану заманында ғылым күн сайын даму үстінде. Соның тағы бір жемісі — жасанды интеллект. Бұл қазіргі кезде адам санасының аналогы ретінде жасалатын сенімді бағдарлама желісі. Білім беру саласында күн санап біршама өзгерістер еніп жатыр. Қазір балалардың зейіні мен қызығушылығын арттыру мақсатында ұстаздар жаңашылдыққа бейім. Бұл жаңашылдық ЖОО-дағы өзге-ұлт өкілдерінің қазақ тілін жетік меңгеруіне қажеттілігі туындатады. Қазақ тілін жасанды интеллект көмегімен оқыту тиімді тәсілдің бірі.

ЖОО-ларда өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытуда жасанды интеллектіні (ЖИ) қолдану мақсаты — сандық қоғамдағы мемлекеттік тілді тиімді үйретудің жолы ретінде қарастыру. Жасанды интеллект әдетте адамның интеллектуалды қабілетін қажет ететін және жүйелерді құрумен айналысатын технологиялық құрал. Жасанды интеллект оқытуды, логиканы, жоспарлауды, сөйлеуді, тануды, қабылдауды және есептерді шешуді имитациялауға және талдауға тырысады. Жасанды интеллектінің артықшылықтары келесіде:

1. Мәліметтерді тез арада алу;
2. Мәлеметтерге негізделген тиімді шешімдер;
3. Инновациялық жұмыс орындар;
4. Энергия тасымалдаушыларға тәуелді болмау;
5. Субъектіліктің аздығы.

Бұл әртүрлі салаларда жұмыс істеудің әр аспектілерін автоматтандыру және адамның ойлау қабілетін формаландыру. модельдеу және оларды программалау моделимен айналысатын информациялық жүйе.

Тақырып аясын зерттей бастағанда, біздің мемлекеттік тілімізді білім алушыға ұсынудың бірнеше әдіс-тәсілдерін анықтадық. Біріншіден, цифрлық технология — тілдің сақталуы мен қолданым аясының кеңеюін қамтамасыз етеді. Бұл қазіргі ақылды үй, ақылды көліктерді, виртуалды көмекшілердің қазақша қолданылуына үлкен үлес қосады. Яғни, «шамды қос, немесе өшір», «солға немесе оңға жүр» деген сияқты қазақ тілінде басқару жүйелерін интеграциялауға әсер етеді. Сондай-ақ жас ұрпақтың тілімізді ұғыну мен танылуына, коммуникациялық қолданылу жүйесіне, сөйлеу мен түсінуге ынталандырады. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін Жас ғалымдарға арналған «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-ның гранты бойынша ғылыми жобаға «Қазақ тілін жасанды интеллект арқылы кешенді оқыту» тақырыбын зерттеу үстіндемін. Жобаның мақсаты — өзге ұлт-өкілдеріне мемлекеттік тілді тез қабылдауына жағдай жасау. Қазіргі жастардың заманы тез әрі жеңіл қабылдауға бейім. Сондықтан аталмыш жоба осыны басшылыққа алады.



Жоба бойынша қазақ тілін оқытуда жасанды интеллект қолдануда тілдік дағдының 4-бағыты бойынша көптеген тапсырмаларды тиімді пайдалануға болады. Жасанды интеллект адамның интеллектісін түсіну үшін компьютерлерді қолданудың ұқсас міндетімен байланысты, бірақ ол міндетті түрде биологиялық тұрғыдан сенімді әдістермен шектелмейді.

Жобада мамандар үшін жаңа өлшемдер «AR-VR/AI» ЖИ технологияларын пайдаланып, кәсіби видеосабақтар, цифрлық кітаптар, жеке сайт партфолио, цифрлық кітап пен графикалық постерді сабақ үстінде қолдану мүмкіндіктері бар.

Қорыта келгенде, ЖИ пайдасы көптеген салаларға әсер еткеніне және олардың бірі білім беру саласы екеніне көз жеткізуге болады. Бұл репетиторлықтың немесе білім беру мен оқытудың заманауи әдісі, ол оқытуға байланысты көптеген мәселелерді шеше алады. Бұл білім алуға бағытталған контенттің қолжетімділігі, мұғалімдердің жетіспеушілігі, оқушының стресссіз және басқаларға кедергісіз білім алуы сияқты проблемаларды шешуі мүмкін.

**«Ә. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ «Жол-көлік» факультеті, «Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасының оқытушысы, п.ғ.м., А. Ж. Жалдыбаева**

## Тәуелсіздік күніне арналған «Туған жер» байқауының қорытындысы

**6 желтоқсанда «Қазақстан халқы Ассамблеясы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы алдағы мереке — ҚР Тәуелсіздік күніне арналған «Туған жер» бейнероликтер байқауының қорытындысын шығарды. Ол жастарды өлкетану біліміне баулу, өз халқының мәдениетін, дәстүрі мен тарихын, патриотизм мен азаматтығын құрметтеуге тәрбиелеу мақсатын көздеді.**

Осындай конкурстарға қатыса отырып, студенттер өздерінің кіші Отандарын жақсы білетін болады, оның көзге көрінбейтін сұлулығын көруді үйренеді; адамдар мен қоршаған әлемді жақсы түсінеді. Байқауға қатысушылардың алдында туған өлкесіне, туып-өскен жеріне деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімдерін жеткізу міндеті тұрды.

Біздің әрқайсымыз кішкентай Отанымызға деген сүйіспеншілік пен құштарлықты сеземіз. Бірақ бұл сезімдерді бейнероликтер арқылы жеткізу үшін оларды тек жүрегіңізбен сезіну жеткіліксіз. Белгілі бір шеберлік, қабілет, тіпті талант қажет. Сондықтан үздік жұмыстарды анықтау үшін құрамына аға оқытушылар, с.ғ.м. Олеся Хмельницкая, з.ғ.м. Жайдары Мусаева, докторант, ф.ғ.м. Самал Адылханова, оқытушы, з.ғ.м. Меруерт Қайырбектен кіретін беделді комиссия құрылды.

Конкурсқа қатысу үшін барлығы 30-дан астам өтінім берілді. Оның қорытындысы бойынша мемлекеттік тілдегі «Үздік ролик» номинациясы бойынша 1 орын Ақыжан Оразбековке (ТМО-23-1 тобы) және Ерсұлтан Құсаиновқа берілді (Мет-23-1 тобы), жетекшісі — ф.ғ.м., аға оқытушы Руфина Шарипова.

Орыс тіліндегі «Үздік ролик» номинациясы бойынша 1 орынды Андрей Забусов пен Рамал Мурсалов (ВТ-24-4с тобы) жеңіп алды, жетекшісі — с.ғ.м., аға оқытушы Анастасия Сиводедова.

Екінші және үшінші орын алған студенттер де жақсы роликтер дайындаған.








# SAGINOV TECHNICAL UNIVERSITY
# 7-ші USCO ENERGY конференциясында!




**Университетіміздің делегациясы құрамында Басқарма мүшесі-Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор А. Мехтиев, кафедра меңгерушісі Е. Нешина және «Light Engineering LLP» ЖШС директоры Д. Каюмов 7-ші USCO Energy Conference-ке қатысты.**



А. Мехтиев университеттің халықаралық аренадағы белсенді ұстанымдарына назар аудара отырып, Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-дың халықаралық ынтымақтастық саласындағы жетістіктерімен таныстырды. Өз сөзінде ол университеттің ғылым мен инновациядағы негізгі жетістіктері, академиялық ұтқырлық бағдарламаларын іске асыру және әлемнің жетекші университеттерімен бірлескен зерттеулер туралы айтты. ШЫҰ-ға қатысушы елдердің білім беру мекемелерімен стратегиялық әріптестікті нығайтуға ерекше назар аударылды.

Е. Нешина «Көміртегі бейтараптығы: Қазақстан Республикасындағы даму перспективалары» тақырыбында баяндама жасап, конференцияға қатысушылар арасында үлкен қызығушылық пен қызу талқылау тудырды.

Конференция Шанхай университеттік ынтымақтастық ұйымының (УШОС) құрамына кіретін Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-дың негізгі серіктестерінің бірі — North China Electric Power University базасында өтті. Бұл ынтымақтастық бірлескен ғылыми зерттеулерге, академиялық алмасуларға және жаһандық экологиялық бастамаларды жүзеге асыруға қосымша мүмкіндіктер ашады.

Іс-шара аясында Шанхай ынтымақтастық ұйымы университетінің (ШЫҰ) стратегиялық зерттеулер орталығымен «Қос көміртегі» стратегиясы бойынша Ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімге қол қою рәсімі өтті.





# Innovative Approaches in Smart Technologies

**В рамках грантового финансирования по проекту AP19679505 «Тізбекті кодтардың көпшекті декодтау алгоритмдерін зерттеу мен дамыту және оларды жоғары жылдамдықта сөнетін радиоарналар үшін бағдарламалық-аппараттық имплементациялау» ученые КарТУ имени Абылкаса Сагинова — научный руководитель Ж. Сайлаукызы и ответственный исполнитель Г. Даненова, приняли участие в 8-м международном симпозиуме «Innovative Approaches in Smart Technologies». Он проходил 6–7 декабря в Стамбуле (Турция).**




Наши ученые представили результаты научных исследований в области национальной безопасности, а также обсудили возможности развития совместных научных исследований с зарубежными коллегами. Представленная ими статья на конференции включена в IEEE Xplore и будет проиндексирована в базе данных SCOPUS.

# Global Korea Center в гостях у Saginov Techical University






**Делегация Южнокорейского центра Global Korea Center во главе с директором господином Хон Джин Соном посетила КарТУ имени Абылкаса Сагинова.**





Основной целью этого визита явилось обсуждение ключевых направлений долгосрочного партнерства в области образования, технологий и науки. В ходе встречи были рассмотрены вопросы академического обмена обучающихся и стажировки; повышение квалификации преподавателей; совместная реализация бизнес-проектов.

Перед этим, проректор по науке и инновациям А. Мехтиев и руководитель аппарата А. Исагулов провели экскурсию по университету, в ходе которой они познакомили гостей с современным оборудованием, научными лабораториями и инновационными разработками нашего университета.

Global Korea Center представляет собой масштабную бизнес-платформу, объединяющую университеты Южной Кореи и международных партнеров для развития инновационных образовательных инициатив. Особое внимание уделяется перспективным направлениям, таким как робототехника, дрон-технологии, смарт-технологии и информационные системы. Сотрудничество с Global Korea Center открывает широкие возможности для наших студентов и преподавателей, обеспечивая основу для успешных и взаимовыгодных проектов.







# ҰЛТТЫҚ РЕЙТИНГ: Халықаралық тәжірибе мен әдістеме

**Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің жобаларды басқару офисінің академиялық артықшылық және жаһандық бәсекеге қабілеттілік жобалары тобының жетекшісі Фатима Жақыпова өткізген онлайн кездесуде «Ұлттық рейтинг» жобасы кеңінен талқыланды. Шараға Директорлар кеңесінің төрағасы Арын Орсариев, Басқарма төрағасы — Ректор Сауле Сагинтаева, Басқарма мүшелері — Проректорлар, факультет декандары және құрылымдық бөлімше басшылары қатысты.**



Фатима Жақыпова «Ұлттық рейтинг: Халықаралық тәжірибе мен әдістеме» жобасының басты мақсаттары мен оның білім беру сапасын арттырудағы маңыздылығын атап өтті. Пилоттық жоба 2025 жылдың 5-қаңтарында іске қосылады. Сонымен қатар, халықаралық рейтингтерге, QS және Times Higher Education рейтингтеріне ену стратегиясы туралы ақпараттармен бөлісті.

Ректор Сауле Сагинтаева: *«Ұлттық рейтинг» — бұл талантты студенттерді тартудың, сондай-ақ оқу орындарының халықаралық аренада танылуының маңызды құралы. Бәсекеге қабілеттіліктің артуы тек білім сапасын жақсартуға ғана емес, сондай-ақ университеттердің беделін арттыруға да ықпал етеді. Талапкерлер мен жұмыс берушілер осы рейтингтерге қарап өз таңдауын жасайды. Сондықтан бұл біз үшін өте маңызды»,* — деп атап өтті.

Еске сала кетейік, Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті бүгінде білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Тәуелсіз агенттіктің деректері бойынша Қазақстанның жетекші техникалық жоғары оқу орындарының бестігіне кіреді. Ал әлемдік университеттердің QS World University Rankings рейтингі бойынша 851+ орын алады; Азия университеттерінің QS World University Rankings Asia рейтингісінде 264 және Орталық Азия университеттерінің рейтингісі бойынша 14 орында тұр. Бұл біздің университет Қазақстанды халықаралық білім беру кеңістігінде лайықты түрде көрсетіп отырған жоғары көрсеткіштер.

# Saginov Technical University және «Қарағанды Промстройпроект институты» ЖШС ынтымақтастық перспективаларын талқылады



**Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті мен «Қарағанды Промстройпроект институты» ЖШС білім беру және кәсіптік бағдарламаларды дамытуға бағытталған ынтымақтастық перспективаларын талқылады. Кездесу барысында тараптар бітіруші курс студенттері үшін бірлескен оқыту орталығын, сондай-ақ стартаптар үшін платформа құру туралы келісті.**

Басқарма Төрағасы-Ректор Сауле Сагинтаева атап өткендей, университет тығыз ынтымақтастықты қамтамасыз ету үшін серіктестермен өзара іс-қимыл форматын өзгертуде. Ол теориялық білім беріп қана қоймай, студенттердің практикалық дағдыларын дамытуға да жағдай жасау маңызды екенін атап өтті. Университет серіктестерді оқу процесіне белсенді тартуға, сондай-ақ өнеркәсіптік сектордың тапсырысы бойынша ғылыми жобаларды іске асыруға мүдделі.

«Қарағанды Промстройпроект институты» ЖШС Бас директоры Санжар Рахметжанов жоба кадрларды кәсіптік даярлау және қайта даярлау жұмыстары іске асырылатын оқу корпусын құруды көздейтінін атап өтті. *«Біздің жоғары білім саласында бәсекеге түспек ойымыз жоқ, біздің мақсатымыз — кәсіби білім мен дағдыларды қамтамасыз ету»*, — деді ол. — *«Біз жобалық құралдармен қамтамасыз етеміз, ал студенттер тәжірибеден өтіп, бірден кепілді жұмысқа орналасу арқылы жұмыс істей бастайды»*. Ол сондай-ақ әдістемелік материалдар мен оқу бағдарламаларын әзірлеу бойынша университеттен көмек сұрады.

Естеріңізге сала кетейік, «Қарағанды Промстройпроект институты» Қазақстанның жетекші инжинирингтік компанияларының бірі болып табылады, ол 1959 жылдан бастап ірі өнеркәсіптік және инфрақұрылымдық объектілерді жобалауға және салуға қатысып келеді. Компания мұнай-газ, тау-кен металлургиясы, инфрақұрылым және ғарыш салаларын қоса алғанда, әртүрлі салаларда жұмыс істейді.

Бұл ынтымақтастық студенттер мен мамандарды сапалы біліммен, практикалық дағдылармен және Қазақстан экономикасының ең серпінді дамып келе жатқан салаларының бірінде жұмысқа орналасу мүмкіншілігімен қамтамасыз ете отырып, жаңа мүмкіндіктер ашады.







# Стажировка в Вильнюсском техническом университете имени Гедиминаса



**С 19 ноября по 18 декабря докторанты 3 курса образовательной программы «Машиностроение» КарТУ имени Абылкаса Сагинова прошли научную стажировку в Вильнюсском техническом университете имени Гедиминаса (Литва).**

В числе основных направлений исследований были трибологические испытания — изучение свойств материалов в условиях трения; оптический анализ на СЕМ — детальное исследование микроструктуры образцов с использованием сканирующего электронного микроскопа; механические испытания — определение характеристик материалов при растяжении, изгибе и сжатии; измерение геометрии образцов — анализ точности и параметров форм, полученных при производстве.

Стажировка позволила докторантам получить ценный опыт работы с передовым оборудованием и укрепить научные компетенции в области машиностроения.







# Битум модифицировали в Saginov Technical University



**На кафедре «Строительных материалов и технологий» Карагандинского технического университета имени Абылкаса Сагинова проведены лабораторные испытания, посвященные разработке модифицированного битума.**



Совместно с коллегой — химиком, сотрудником ТОО «Өрнек НС» Бахтияром Темиргазиевым были выполнены работы по изучению влияния различных модификаторов на свойства битума. Цель исследований — улучшение прочностных характеристик, устойчивости к перепадам температур и долговечности материала.

В ходе испытаний были проведены: подготовка исходного битума, введение в его состав различных модифицирующих добавок, таких как полимеры, серосодержащие компоненты и технический углерод; изучение взаимодействия битума с модификаторами при различных температурах; оценка полученных образцов на устойчивость к деформации, растяжению и воздействию внешних факторов.

Лабораторные испытания показали перспективность использования модифицированных составов для применения в дорожном строительстве. Полученные образцы обладают улучшенными эксплуатационными характеристиками, что позволяет рассчитывать на увеличение срока службы дорожных покрытий.

Эти исследования открывают новые горизонты в области разработки материалов с использованием вторичного сырья и инновационных технологий. В ближайших планах — публикация научной статьи, где будут подробно описаны результаты проведенной работы.

Модификация битума — это вклад в развитие науки и технологий, которые делают дороги прочнее, безопаснее и долговечнее.

# Как побороть коррупцию?




**В преддверии Международного дня борьбы с коррупцией руководством КарТУ имени Абылкаса Сагинова было принято решение о проведении форума для студентов с целью обсуждения и решения вопросов, касающихся вопросов противодействие коррупции.**

Цель форума — содействие формированию личности, которая наделена знаниями об опасности, которую представляет собой коррупция для благосостояния общества и безопасности государства, активное вовлечение молодежи в формирование антикоррупционной культуры.

В качестве экспертов перед молодежью выступили представители акимата, прокуратуры, департамента Агентства РК по противодействию коррупции по Карагандинской области, ветеранских и других организаций области. Среди них: Ботагоз Ахметова — спикер просветительского пула Antikor, член академии педагогических наук Казахстана, сертифицированный специалист по внедрению антикоррупционного стандарта; Василий Олейник — комплаенс — офицер КарУ имени Е. А. Букетова, Кайрулла Қызыров — председатель совета по духовно-нравственному воспитанию КарТУ имени Абылкаса Сагинова; Мурат Кадеков — заместитель председателя совета ветеранов района имени Казыбек би; Гульсара Керимжанова — прокурор отдела прокуратуры имени Казыбек би; Диас Сайдашев — главный специалист государственно-правового отдела акимата города Караганды.




На форуме студентам была раскрыта тематика распознавания коррупции и действия при выявлении случаев коррупции.

*«Данное мероприятие раскрывает, что представляет собой коррупция, формирует негативное отношение к этому злостному явлению; развивает правовое сознание и активную гражданскую позицию, а также повышает уровень правовой культуры»,* — отметили участники встречи.





БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА — 100 ЖЫЛ

# ДӘУІР ТЫНЫСЫНЫҢ ТАМЫРШЫСЫ




Қаламынан «Бұлақ» атты өлеңдер кітабы, «Он алты жасар чемпион», «Алыстағы ауылда», «Менің атым-Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Дала жұлдызы», «Аяжан», «Қайдасың, Гауһар?» повестері және «Өлгендер қайтып келмейді» романы мен т.б. шығармалар авторы Б.Соқпақбаев өз дәуірінің шыңғырған шындығын сол тоталитарлық тәртіп өктемдік құрған уақыттың өзінде-ақ бірде астарлап, бірде ишарат, емеурінмен бере білген жампоз жазушы еді. Көп жазушының балалар үшін тұшымды дүниелер жазуға жүрегі дауалай бермейтіні балалар әлеміне балаша яғни табиғаттай таза, бейкүнә көзбен қарауға жүрексінетінінен туындайтыны белгілі. Балалар әдебиетінің дамуына айрықша үлес қосқан Б.Соқпақбаев күнәдан пәк, періштедей таза көзқараспен өзін қоршаған орта, қоғамға сол балалар көзімен үңілуді мақсат тұтты, негізгі идея етіп алды, идея ұстанымға негізделеді, ұстанымы әбден қалыптасқан жазушы шын мәнінде ешқандай саяси, қауіпті тақырыпты таңдап алмаса да, астарлай отырып, сол заманның дертіне білгір тамыршы бола алды. Ресми органдар, цензуралық бақылау мекемесі — бәрі де сол кезде аса ділгір қажетті салаға жататын балалар әдебиеті шығармаларына «кеңпейілділік» танытты, соның арқасында жазушы тікелей қауіпті айыптаулардан аман қалды, алайда партия т.б. ұйымдар тарапынан азаған сенімсіздік, күдіктену болғанын жасырмаған жан. Сондықтан да болса керек, оның шыңғырған шындықты жас маманның көзімен бейнелеуі идеологиялық кеңістікте қалың жұртшылыққа ерекше ұнағанымен, цензура жүйесі мүлткісіз аңдып отырған әдебиеттану ғылымында соншалықты жоғары бағаға ие болған жоқ. Әңгіме Б.Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» романы туралы болып отыр, сондықтан оны талдап, баға берген сыншылар небәрі он бестер шамасындағы жастың сол кезеңдегі ауыр оқиғалар аясында (екінші дүниежүзілік соғыс, ер азаматтардың майданға аттануы, елдегі күрделі жағдайлар т.б.) іс-әрекет жасауы, еңбек етуі яғни қалыпты жағдайға (белгілі стандарттық жүйе) орай сараптай келеді де, ержеткен Еркіннің келіншегі Зағипамен бірге алыстағы облысқа арнайы жолдамамен барып, мұғалім болып жүргенде басынан кешкен құқайларын егжей-тегжейлі баяндауын бөлендей дұрыс деп таппайды.

Асылы романдағы Нұралы, Сегізбай т.б. кейіпкерлерді бұрынғы әдетпен «жағымсыз» деп қысқаша қайыра салғаннан гөрі, қанды қасаптың оларға майдай жаққанын, іс-әрекеттеріндегі лас қылықтардың, түптөркініне үңілген абзал. Демек, қоғам деген ұғымның өзі адамдардың тобынан тұрады дегенді қаперге алсақ, сол қоғамның өзі әлгі Нұралы, Сегізбай т.б. жандарды, сондай-ақ ауданның кейбір басшылары мен «ақ» дегені алғыс, «қара» дегені қарғыс сол өңірдегі мектеп директорларын уақыт сахнасына еркінсіте шығарғаны ма? Билік те (олардан жоғары органдар), тіпті қоғам да ондай адамдарды жатырқамайды, ел ішінде олардың әпербақан ғана емес, шын қаласа, қарсы келген адамды құртып жіберер қауіпті адамдар екенін біле тұра, айтуға қорқатын жандар көп.

Аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі өзіне бағыныշты мектеп директорына сөзін өткізе алмайтыны, кесіп алсаң, қан шықпас қатігез директордың албаңға да, басқаға да, бұл мектепте орын жоқ деп кесіп айтуы, аудан басшыларының бірінің жұбайы, жақындары істеп отырған іс-әрекеттерінің бәрін бас кейіпкер Еркіннің әшкере етуі, тұжыра айтсақ, сол кезеңдегі әлеуметтік сипатқа ие болған келеңсіздіктерге оның ғана төзбеуі деп қабылдамай, кеудесінде ұлтын сүйер махаббаты бар көп адамдардың ой-пікірі деген орынды. Тек соны жинақтап айту, бейнелей келе жеткізу біраз қалам иелеріне бұйырса да, Б.Соқпақбаев солардың ішінде бірегейі екеніне ешкім шек келтіре қоймас.

Егер жанр ұғымының тарихи категорияға жататынын ескерсек, аталмыш романды жан-жақты саралай келе, әлеуметтік деректілік әрі көркемдік, кей тұсында публицизм т.б. сипаттар тоғысқан ғұмырнамалық (мемуарлық) роман деп бағалаған орынды. Роман — балғын балалық шағын қызықты етіп өткізу пешенесіне жазылмаған ұрпақтың күрсінісі, налуы, қамығуы. Ең бір тәтті, мына жарық дүниеде тек қана жақсылық бар деп ойлайтын күнәсіз, періште іспеттес жас буынның арман-аңсарының су соғыс жаққан өртке шарпылуы. Небір қиындық ауырлықпен бетпе-бет келіп қана қоймай, саналарының түрлі өзгеріске тап болуы, ерте есеюі адамтану деген ілімге ерте ден қоюы.

Соншалықты ұзақ уақытты қамтымай-ақ жас адамның таным, түйсігі арқылы кескінделген сол бір кезең шынайы, боямалыққа бой ұрмаған табиғатымен дараланады. Алғашқы балаң махаббат, зұлмат заманның сол бір киелі ұғымды өшіре алмауы, лапылдаған пәк сезімнің уақыт өте келе, басқа бір іс-әрекетке ауысуы, жалпы жан құмарлығы дегеннің тән құмарлығына орын беруі — бәрі де *«Адамды заман билемек, замана оны илемек»* (Абай) қағидасын еске түсіреді, ол ойымызға Ғалия, Алтын, өнер саласында жүрген әйелдерге деген Еркіннің қарым-қатынасы дәлел бола алады. Ауыл адамдары, дарқан даладай пейілінің кеңдігі, алайда өмірде, адамзат тарихында қосамжарлана қабаттаса жүретін жақсылық пен зұлымдық та тұтаса келіп, бас қаһарманның ағасы, аяулы жеңгесі, Дүйсен ақсақал, өндіріс орнындағы қарапайым адамдар, Алматыдағы ғалым-ұстаздар мен жас талапкерлерге қамқорлық жасауды өздеріне адамдық борыш деп есептеген. М.Иманжанов (ол жинақтау рөлін атқарып тұрған персонаж) т.б. көркем бейнелер болмысы арқылы көрініс берген де, автор түрлі құбылыс, оқиғаға түсінік беріп, ой түюді мақсат етпей-ақ, түрлі пікір, толғамды оқырманның еншісіне қалдырған. Басынан кешкен оқиғаларды нақты сол күйінде мемуарлық сипатпен кескіндесе де, көзі қарақты оқырманның ізгілік пен адалдықтың, биіктік пен өре-деңгейдің асқақтығын, ұсақтық пен аласалықтың байыбына барып, өз талғам, түсінігімен баға беруге тырысатыны анық. *«Шіркін, тауық шырқ айналар, жемің болса қолыңда»* (С. Сейфуллин) сәтінің небір аласа пенделер бойынан (оны-сын бірақ ешуақытта мойындамайды) молынан табылатынын, сонымен қатар, адалдың емес алаяқтың, шындықтың емес, көзбояушылық, екіжүзділіктің мына өмірде көптеп кездесетіні еш жасырын емес қой, міне, өз шығармасы арқылы суреткер аз да болса, тағылымды аманат етіп қалдырғанын зерделі жан бірден пайымдаса керек. Кезінде қуаттылығы мен асқақтық рухы әлемдегі бірде-бір елде кездеспейтін, тек қазақта ғана бар (онымен аз да болса теңесе алар, поэзия Ислам келмей тұрғандағы бәдәуи әдебиетінде ғана кездеседі) тегеурінді жыраулар шығармаларына арқау болған... *«би жоқ болса, құл жүреді жораға, ит жоқ болса, шошқа үреді қорада»* дегендейін кісілік пен кішіліктің қорығының тарылуы, адалдық пен әділеттің ақ жағасына орынсыз жармасулардың көбейген бейдауа мына кезеңге сол аманатты бұлжытпай орындау парыз... дегіміз келеді. Айрықша данышпандықтан туған ой емес, тек аманатқа қиянат жасалмайтынына сенгендіктен көкейге келген ой...

Жалпы, жазушы шығармашылығынан аңғарылатын жайт мынада, оның ірілі-ұсақты шығармаларында бой көрсететін балалық шақтың бейкүнә уақытын аңсайтындар болсын, чемпиондық тұғырға көтерілген жас ұлан болсын, тентек болса да, зерделі, толғамды тентек Қожа, оның ортасы, достары, жақындары мен ұстаздары болсын, әрқайсы өзіндік мінездері мен сұлбаланған жандар. Мінез — кез-келген адамның өз байлығы. Түрлі мінез, ниет пиғылдан адам өмірі туындайды. Алуан мінезді бейнелерді кескіндей отырып, Б.Соқпақбаев қандай ұстанымға ие болды, идея мен идеалы неден туындады деген сауалдарға жауап іздейтінің анық. Біздің ойымызша, қаламгердің шығармашылық ұстанымы мен азаматтық болмысының қалыптасуына айрықша әсер-ықпал еткен жайт өзі ғұмыр кешкен Уақыт пен Кеңістіктегі көрген, білгендері арқасында пайда болған ҰЛТШЫЛДЫҚ дер едік. Ұлтшылдық оның намысын оятты. Сондықтан да жап-жас қазақ баласы төңірегін дүр сілкіндіріп, спортта топ жарды, чемпион атанды. Кәмілетке де толып үлгермеген Еркін өктемдік пен тоғышарлықтың, дүлей күш пен топастықтың символына айналған Нұралылар тобына жалғыз өзі қарсы шығып арпалысты. Сол намыстың арқасында шалғайдағы өңірлердің басшыларының бірі бастап, оның төңірегіне топтасқан пиғылы теріс, рушылдық, жершілдік туын көтерген топқа қарсы аянбай алысты. Апырмай, асыл текті, рухы асқақ, еңкейгенге еңкейген, шалқайғанға шалқайған, мінезі мәрт,... *«қонып бір өтер сай үшін, арам өлер тай үшін»* де бет жыртыспаған, жесірін қаңғыртпаған, жетімге жетімдігін сездірмеген аристократ ата — бабаларымыз бүгінгі ұрпаққа, аласарған, рухы жаншылған, тоталитарлық тәртіптің езгісінен өткенін ұмытып, мәңгүрттене жаздаған буынға расымен-ақ ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық ғажап болмысын қалдырмаған ба? Жазушыны, біздің ойымызша ширықтырған, намысын қайраған жайттар осы болса керек. Мейлі, адамзат баласының ақыл-ой, санасынан, таланты мен дарынынан туған барлық ғылыми жаңалық, классикалық дүниелерді түгін қалдырмай оқып, танысып, нағыз оқымысты атансаң да, өз төл топырағыңдағы рухани шүйгіндіктен, ұлттық болмысыңнан бойыңды аулақ салсаң, нағыз бейшара, міскін, рухани-мүсәпір атанатының белгілі.

Әрине, газет көлемі көтермейтіндіктен, әйгілі қаламгер Б.Соқпақбаев, оның шығармалары, негізгі идея, әлеуметтік проблема, рухани дүниелеріндегі танымдық, тәлімдік эстетикалық мәселелер жайлы ой-толғамымызды неғұрлым ықшамдап беруге тырыстық.

**Қ.М.ХАМЗИНА**
**доцент,**
**филология ғылымдарының кандидаты**

# Увековечили память об ученом и педагоге

**На днях в КарТУ имени Абылкаса Сагинова состоялись презентация книги памяти и установление мемориальной доски, посвященных талантливому педагогу, ученому, общественному деятелю Юрию Дмитриевичу Обухову. Тем самым, была увековечена память о человеке, отдавшему всю свою жизнь подготовке высококвалифицированных специалистов и науке.**






*«Адам өлген күні өлмейді, ұмытылған күні өледі» — «Человек умирает не в день смерти, а тогда, когда его забудут»* — сказал, говоря о своем коллеге, близком друге, к.т.н., профессор кафедры «Транспортной техники и логистических систем» Токмирза Интыков. Теперь, с установлением мемориальной доски, изданной книги, вкупе с его научным наследием, можно не сомневаться: он будет жить в сердцах благодарных потомков, пока будет существовать наш университет.

Собравшиеся на презентацию книги памяти коллеги, друзья — советник ректора, д.т.н., профессор М.Ибатов; к.т.н., профессор Т.Интыков; к.т.н., профессор И.Арыстан; начальник научно-исследовательского отдела ТОО «EcoProf» Д.Выдрин; к.т.н., профессор К.Кызыров; председатель Карагандинской областной организации профессионального союза работников просвещения, науки и высшего образования А.Ракишева; д.т.н., профессор Ф.Низаметдинов и дочь Юрия Дмитриевича А.Киселева поделились своими воспоминаниями.

А каждому было что вспомнить... Юрий Дмитриевич прошел славный трудовой путь. В 1963 году окончив Карагандинский политехнический институт, прошел путь от стажера-преподавателя до профессора, заведующего кафедрами «Рудничная аэрология и охрана труда», «Промышленная экология и химия», декана геоэкологического и горного факультетов. Был председателем профкома, секретарем партийного комитета института, университетских Советов по этике и ветеранов. Талантливый педагог, плодотворный ученый и эффективный руководитель, он воспитал не одно поколение высококвалифицированных специалистов. Является автором более 320 научных трудов, учебников и учебных пособий. Его вклад в развитие казахстанской науки и образования отмечен целым рядом государственных и ведомственных наград: «Ветеран труда», «Почетный работник образования», знаками «Шахтерской славы» трех степеней и др. По единодушному мнению всех знавших Юрия Дмитриевича людей, он всегда был к тому же душой неформального общения с коллегами.



Уже по этим воспоминаниям, можно представить себе образ жизнерадостного, увлеченного наукой и преподавательской деятельностью, заражающего своей энергией окружающих, человека. Следует отметить, что практически все участники презентации выступали и спонсорами подготовки книги памяти и мемориальной доски.



Сама доска в тот же день была установлена во втором учебном корпусе, в 504 аудитории, где читал лекции профессор Обухов. В торжественной церемонии установления мемориальной доски выступили советник ректора, д.т.н., профессор М.Ибатов, декан Горного факультета, доцент Н.Жолмагамбетов; председатель Карагандинского областного Совета ветеранов Г.Туяков; д.т.н., профессор С.Ожигин; д.т.н., профессор В.Демин; д.т.н., профессор Б.Глотов; декан химического факультета Карагандинского исследовательского университета имени академика Е.А.Букетова, д.х.н., профессор М.Ибраев и др.

Выступившая от имени родных и близких дочь Юрия Дмитриевича, А.Киселева, выразила глубокую признательность руководству вуза и всем принявшим участие в издание книги памяти и установлении мемориальной доски.

# Мағжан оқулары

**Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің филология факультетінің «Қазақ тілінің практикалық курсы» кафедрасы ЖОО студенттері мен облыстың жалпы орта білім беретін мектептерінің оқушылары арасында «Мағжанның маржан жырлары» өңірлік байқауын ұйымдастырды. Ол дәстүрлі «Мағжан оқулары» аясында өтті.**

Байқаудың мақсаты М.Жұмабаевтың әдеби мұрасын насихаттау, жастардың шығармашылық әлеуетін дамыту, мектеппен байланысты нығайту және дарынды студенттер мен оқушыларды қолдау болды. Байқауға қатысушылар шығармашылық ойлау қабілетін, ақынның таңдаулы шығармаларын мәнерлеп оқу өнерін көрсетуге мүмкіндік алды.

Студенттер мен оқушылар Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін оқып қана қоймай, ақынның бейнесін де ерекше жеткізді. Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ «Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасының доценті, ф.ғ.к. Қарлығаш Хамзина және п.ғ.м. Айнаш Беккұлованың жетекшілігімен бұл іс-шараға үшінші курс студенті Аружан Әуелханова да қатысты. Байқау қорытындысы бойынша ол II орынды иеленді.



# STU DEMO DAY

**Saginov Technical University-де стартаптарды гранттық қолдауға арналған конкурс аяқталды, оның қорытындысы STU DEMO DAY финалдық іс-шарасы болды. Байқау университет студенттерін, оқытушылары мен қызметкерлерін біріктірді, олар өздерінің инновациялық идеяларын ұсынып, оларды жүзеге асыру үшін қолдау алды.**







Биылғы жылы байқауға технология, білім беру, спорт, туризм, экология және университет инфрақұрылымы сияқты бағыттарды қамтитын 45 жоба түсті. Оның ішінде үздік 19 жоба финалға шығып, конкурстық комиссия алдында қорғалды. Қатысушылар дайындықтарының жоғары деңгейін көрсетті және өз салаларындағы өзекті мәселелердің шешімдерін ұсынды.

Конкурс қорытындысы бойынша сарапшылар жалпы сомасы шамамен 30 миллион теңгеге гранттық қолдау алатын 10 стартапты таңдады. Қаржыландырудан басқа, жеңімпаздарға менторлық сүйемелдеу және жобаларды сәтті жүзеге асыру үшін университет ресурстарын қолдануға рұқсат беріледі.

Қатысушылар үшін STU DEMO DAY тек конкурс қана емес, сонымен қатар құнды тәжірибеге айналды — бұл идеялармен алмасу, сарапшылардан кері байланыс алу және кәсіби байланыстар орнату мүмкіндігі.

Іс-шара стартаптарды дамыту үшін жағдай жасаудың маңыздылығын растады және университеттің заманауи инновациялық экожүйесін қалыптастырудағы маңызды қадам болды. Saginov Technical University кәсіпкерлік пен инновацияларды дамытуға бағытталған бастамаларды қолдауды жалғастырады.




# Northern Eurasia Finals 2024

**С 15 по 17 декабря в четырех крупных городах — Санкт-Петербурге, Новосибирске, Астане и Тбилиси, прошел престижный полуфинал по программированию Northern Eurasia Finals 2024, который собрал более 300 лучших студенческих команд. Это событие стало важным этапом в подготовке участников к международному первенству ICPC (International Collegiate Programming Contest) — одному из самых известных и сложных конкурсов по программированию в мире.**

Одной из площадок для проведения соревнования стала Astana IT University. В столице Казахстана состязалась 81 команда — из Казахстана, Узбекистана, Таджикистана и Киргизии. В числе участников была и команда нашего университета — STU 7, в составе студентов Илияса Мырзаша, Алишера Мусабекова (группа СИБ-23-13), Даулета Рахметова (группа СИБ-23-12).

Для команды STU 7 участие в этом конкурсе стало значимым этапом на их пути к успеху. Ранее, в 1/4 финала, наши студенты уже показали отличный результат, получив диплом 3 степени. В условиях жесткой конкуренции они продемонстрировали высокий уровень знаний, умение работать в команде и решать сложнейшие алгоритмические задачи.

Конкурсные испытания на протяжении всех трех дней не только проверяли навыки участников, но и стали настоящим толчком для профессионального роста студентов. Участники отметили, что подобные мероприятия являются важнейшим инструментом для развития навыков программирования, аналитического мышления и способности работать в условиях стресса. Кроме того, они получили возможность для обмена опытом и налаживания контактов со студентами из разных стран.

Открытие мероприятия в Astana IT University сопровождалось выступлениями Министра науки и высшего образования Казахстана Саясата Нурбека, ректора Astana IT University Аскара Хикметова, регионального директора ICPC Бахыта Маткаримова, а также представителей генерального партнера Федерации спортивного программирования — Freedom Holding Corp и компании Huawei.

Гордимся успехами наших студентов, их целеустремленностью. Участие в таких крупных конкурсах, безусловно, не только способствует личностному развитию, но и укрепляет репутацию нашего университета на международной арене. Уверены, что впереди у команды STU 7 новые победы и яркие достижения в мире программирования.












# В числе лучших!

**Торжественная церемония награждения Академий Huawei университетов страны, посвященная подведению итогов уходящего года и чествованию преподавателей за выдающиеся достижения в обучении и работе с учащимися. В рамках мероприятия были вручены награды преподавателям, показавшим высокие результаты, а также отмечены победители ICT Competition 2024–2025: National Final и лучшие академии 2024 года.**




Согласно обнародованным результатам, Академия Huawei при Карагандинском техническом университете имени Абылкаса Сагинова вошла в список лучших Академий в номинации «Best Perfomed Academy». В данной номинации награждены лучшие Академии, открывшие больше всех классов, выполнившие большой охват активных обучающихся и успешно закрывшие годовой план, поставленный в начале года компанией Huawei.

Huawei ICT Academy на базе НАО «Карагандинский университет имени Абылкаса Сагинова» открыта в 2021 году на кафедре «Технологии систем связи» и ежегодно в рамках учебного процесса в ней ведутся занятия по компьютерным сетям, безопасности, основам коммутации и маршрутизации для образовательных программ «Радиотехника, электроника и телекоммуникации», «Сетевые технологии и системы связи» и «Системы информационной безопасности». На 2025 год поставлена цель охватить студентов других образовательных программ, такие как «Информационные системы», «Вычислительная техника и программное обеспечение», «Сетевая безопасность».

# Бронза с международного чемпионата по автоматизации бизнес-процессов

**Руслан Кабаргин, студент второго курса магистратуры образовательной программы «Информационные системы» Карагандинского технического университета имени Абылкаса Сагинова, принял участие в престижном международном чемпионате «Профессионалы», который прошел в Санкт-Петербурге (Россия).**




Чемпионат «Профессионалы» направлен на поддержку талантливых молодых специалистов и их трудоустройство в ведущих мировых компаниях. В финале чемпионата приняли участие свыше 900 конкурсантов из большинства субъектов России, стран СНГ и дальнего зарубежья. На базе «Института развития профессионального образования» состоялись соревнования по ряду современных и востребованных направлений, включая геномную инженерию, квантовые технологии, информационную безопасность и др. Победители и призеры получили стажировки в крупнейших компаниях страны, денежные призы и шанс попасть на работу мечты. Организаторами чемпионата выступили Минпросвещения России и Правительство Санкт-Петербурга.

В рамках чемпионата Руслан соревновался в компетенции «Автоматизация бизнес-процессов». Основной задачей участников было решение конкурсного задания по автоматизации бизнес-процесса предприятия. Работа велась на платформе 1С: Управление небольшой фирмой (УНФ) 3.0, что требовало не только глубокого понимания инструментов 1С, но и умения быстро разрабатывать оптимальные решения в условиях жесткого лимита времени.

*«Чемпионат был организован на высоком уровне, что позволило сосредоточиться на выполнении задания и полностью погрузиться в процесс. Атмосфера соревнования, грамотный подход и интересные задачи усиливали мотивацию и помогли мне раскрыть свои способности»,* — поделился своим впечатлением Руслан, после соревнований.

Среди сильнейших участников из разных стран (России, Беларуси, Филиппин, Эквадора) Руслан сумел добиться значительного успеха — занял почетное третье место. Этот результат не только подтвердил его профессиональные навыки, но и стал важным шагом в карьерном развитии в области автоматизации бизнес-процессов.

После завершения обучения в магистратуре, Руслан планирует продолжить карьеру в компании «1С: Франчайзинг Караганда», одном из ведущих партнеров фирмы «1С» в Казахстане. Компания, являющаяся членом Корпоративного университета КарТУ имени Абылкаса Сагинова, специализируется на автоматизации бизнес-процессов, что идеально соответствует профессиональным интересам и опыту молодого специалиста.

**Поздравляем Руслана с призовым местом в чемпионате!**
**Желаем ему новых успехов на избранном поприще!**







# «Дала мұрасы: тұлғалар мен жетістіктер»

**Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-дың «Орыс тілі және мәдениеті» кафедрасы осындай атаумен Online Test Pad платформасында Тәуелсіздік күніне арналған өңірлік интерактивті ойын өткізді.**

Іс-шара жастардың бойында отансүйгіштік сезімін, Қазақстанның барлық саладағы жетістіктері үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруды, мемлекет тарихына, мәдениетіне және ел тәуелсіздігі үшін күреске елеулі үлес қосқан тұлғаларға деген қызығушылықты дамытуды көздеді.

Интерактиві ойынға Қарағанды қаласы мен облыстың жоғары оқу орындары мен орта арнаулы оқу орындарынан 130-дан астам студент қатысты: Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ, академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, Қарағанды медицина университеті, «Bolashaq» академиясы» ЖМ, «Қазақмыс» Корпорациясының политехникалық колледжі» ЖМ.

Сараптама комиссиясының мүшелері іс-шараның қорытындысын шығарып, жеңімпаздарды жариялады.

Мемлекеттік тілде: I орынды Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің студенті Даяна Әлменова; II орынды академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің студенті Нұрзада Аманғазы иеленді; III орынды Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің студенті Кахар Асан алды.

Орыс тілінде: I орынды Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің студенті Владимир Ким; II орынды «Қазақмыс» Корпорациясының политехникалық колледжі» ЖМ-нің студенті Ерсултан Оралхан; II орынды Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің студенті Адиль Алтынбеков; III орынды Қарағанды медицина университетінен Ажар Меймахан; III орынды Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінен Толғанай Нургалиева иеленді.

# Болашаққа бастар жол: мамандық таңдау



**«The Ulytau Educational Foundation» қайырымдылық қоры» ҚҚ және «Ustaz Ulytau» педагогикалық трансформация орталығы Балқаш қаласының 9–11 сынып түлектеріне оқу мүмкіндіктері, гранттар, университеттік бағдарламалар және мансаптық перспективалар туралы білім беру көрмесін ұйымдастырды.**

Білім беру көрмесін өткізу барысында болашақ түлектерге колледждер мен жоғары оқу орындарына түсу, гранттар, білім беру бағдарламалары және мансаптық перспективалар туралы толық ақпарат берілді.

Іс-шараға Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті де қатысты. Университет өкілдері болашақ түлектерге университет ашатын мүмкіндіктер, оның еңбек нарығында сұранысқа ие білім беру бағдарламалары туралы айтып берді. Сондай-ақ, университеттің оқу жағдайларымен, заманауи зертханалары, жатақханалары, спорт кешені және Қарқаралыда орналасқан тамаша демалыс базасы туралы баяндады. Мәдени демалыс туралы да айтылды, онда әркім өз қызығушылықтары бойынша сабақ таңдай алады. Бірақ ең бастысы, студенттерді ғылыми және педагогикалық қызметте үлкен тәжірибесі бар профессор-оқытушылар құрамы оқытады. Осының арқасында университет елдегі жетекші техникалық жоғары оқу орындарының бірі атанып отыр.

Мамандық таңдау — жарқын болашақтың кепілі! @saginov. tech дарынды жастарды ҚарТУ-да оқуға шақырады.






# Жанашырлыққа — жан риза

***«Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің»* — дейді дана халқымыз. Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ студенттеріне таңдалған істің жақсы мамандары ғана емес, өз елінің нағыз партриоттары мен азаматтары болу да үйретіледі. Яғни, біреудің бақытсыздығына бей-жай қарамай, зұлымдықтың алдын алу және жақсылық жасау. Осы мақсатта олар оқуларының алғашқы күндерінен бастап түрлі қайырымдылық шараларына қатыстырылады.**

Университетте балалар үйіне баруға ерекше көңіл бөлінеді. Өйткені, халық ішінде: *«Үлкеннің жүзіне бергенше, баланың біріне бер!..»* — деп бекер айтпаған. Студенттер балалар үйіне жасаған әр сапарларын шағын мерекеге айналдыруға тырысады.

«Энергетикалық жүйелер» кафедрасының аға оқытушылары, кураторлар К.Какимова мен Б.Магауиннің бастамасымен ТЭ-21-1 және ЭЭ-22-1 топтарының студенттері мамандандырылған «Шапағат балалар үйіне» баруға аса мұқият дайындалды. Жиналған қаражатқа жемістер, шырындар мен тәттілер сатып алды. Бірақ балаларды сыйлықтар ғана емес, сондай-ақ студенттермен және оқытушылармен қарапайым қарым-қатынас қуантты.

Өз кезегінде балалар үйінің қызметкерлері Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің басшылығына және «Электр энергетикасы» және «Жылу энергетикасы» мамандықтары бойынша оқитын студенттерге қайырымдылық шарасын өткізіп, тәрбиеленушілеріне көрсеткен мейірімдері үшін алғыс білдірді. Олар үшін бұл сапар шынымен мерекеге айналды. Балалармен қошташа отырып, студенттер жаңа кездесулер жөнінде келісті.

# Президенттік олимпиада жүлдегерлері Saginov Technical University гранттарын алды




**Астанада жаратылыстану-математикалық цикл пәндері бойынша XVII Президенттік олимпиада аяқталды. Президенттік олимпиада елордада 20–22 қараша аралығында өтті. Оған Қазақстан мектептерінің бітіруші сыныптарынан 190 оқушы қатысты.**

Олимпиада қорытындысы бойынша 9 жеңімпаз SDU, Astana IT University және Saginov Technical University сияқты Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарынан ректорлық білім гранттарын алды.

**Біздің университеттен білім гранттарын алғандар:**

- Артем Михайлов, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-лицейінің оқушысы;
- Әмір Әлижан, СҚО, Дарынды балаларға арналған мамандандырылған облыстық мектеп-лицей-интернатының оқушысы;
- Алексей Ким, Қарағанды облысы, Қарағанды қ. Қаныш Сәтбаев атындағы гимназия оқушысы;
- Амина Қуанышқызы, Абай облысы, Аягөз ауданы білім бөлімінің қалалық қазақ мектеп-лицейінің оқушысы.

Олимпиада ұйымдастырушылары — Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту Министрлігі мен «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы — Президенттік олимпиаданы өткізуде көрсеткен қолдауы үшін, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы-Ректоры Сауле Сагинтаеваға алғыстарын білдіреді.

# Ғылыми-техникалық аударма

**Шет тілдері кафедрасы 12 жылдан бері «Ғылыми-техникалық аударма» қосымша білім беру бағдарламасын табысты жүзеге асырып келеді.**

3,5 жыл ішінде студенттер кәсіби техникалық аударма дағдыларын игеріп, халықаралық ұйымдарға жұмысқа орналасуға жақсы мүмкіндік алады.

- **Бағдарламаның артықшылықтары:**

Білікті бітіру жұмысын ағылшын тілінде сәтті қорғағаннан кейін түлектер «Ғылыми-техникалық аударма» біліктілігі бар куәлік алады. Бұл халықаралық компанияларда жұмыс істеуге үстемдік береді!

- **Шынайы уақыт тәжірибесі**

Жақында, 11 желтоқсанда бағдарламаның 3-курс студенттері — Юлия Коновалова, Полина Запорощенко және Карина Ермагамбетова өз дағдыларын тәжірибе жүзінде көрсетті.

So Pandai Sdn Bhd (15 жылдық тәжірибесі бар халықаралық білім беру саласындағы сарапшы) ұйымдастырған көрме аясында олар ерікті аудармашы болып жұмыс істеді.

- **Малайзияның жетекші жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық:**

**Іс-шарада:** Sunway University, Taylor's University, University Technology Petronas, IMU University, SEGi University сияқты университеттердің өкілдері оқуға түсу, сұраныска ие бағдарламалар және студенттердің Малайзиядағы өмірі туралы ақпарат берді.

5 сағат бойы қыздар университет өкілдері мен талапкерлерге, Қарағандыдан келген ата-аналарға көмектесіп, ағылшын тілінен орыс тіліне және кері аудармалар жасады.

- **Студенттерімізді мақтан тұтамыз!**

Студенттердің еңбекқорлығы, кәсібилігі және «Ғылыми-техникалық аударма» бағдарламасын оқытудың жоғары сапасы студенттерімізді халықаралық аренада бәсекеге қабілетті етеді.

# Около 1000 студентов КарТУ имени Абылкаса Сагинова прошли онлайн-обучение по программе «Coursera» — қазақ тілінде»

**В 2023 году Министерством науки и высшего образования РК была запущена программа «Coursera» — қазақ тілінде». Целью данной программы является обучение казахстанских студентов на онлайн-курсах передовых университетов мира, которые были переведены на казахский и русские языки. В 2024 году к этой программе присоединился и КарТУ имени Абылкаса Сагинова.**

Coursera — платформа онлайн-обучения, предлагает более 7 000 курсов от 250+ университетов и компаний, включая 100+ профессиональных сертификатов и 30+ магистерских программ. Свыше 113 миллионов пользователей по всему миру могут изучать курсы на 40+ языках с гибким графиком.

От нашего университета в программе обучения участвовало 946 обучающихся. 1–2 сертификата об успешном окончании курсов получили — 604 студента; 3–5 сертификатов получили — 218 студентов; 7–10 сертификатов — 20 студентов; 11–20 сертификатов — 13 студентов; свыше 21 сертификата — 12 студентов.

Наибольшее количество сертификатов получили студенты образовательной программы 6В06102 — Информационные системы: Айда Куанышбек — 31 сертификат; Дархан Зейнулла — 29 сертификатов; Аскар Нұркелді — 27 сертификатов.

# Студент Saginov Technical University стал чемпионом Мира




**С 19 по 21 декабря в Москве проходил чемпионат мира по джиу-джитсу. В нем, в составе сборной Казахстана, принимал участие и студент КарТУ имени Абылкаса Сагинова Жигер Алматай.**

Жигер выступал в весовой категории 80 кг. Всего в этой весовой категории оспаривали пальму первенства 16 спортсменов. Жигер провел 10 поединков. И во 10-ти всех одержал победы, завоевав звание чемпиона Мира!

Это был самый крупный турнир в спортивной карьере Жигера. Такой успешный дебют впечатляет. Ведь чемпионский титул достался Жигеру в поединках с очень серьезными соперниками.

***Поздравляем Жигера с победой! Желаем ему дальнейших успехов в учебе и спорте!***

# Победители открытого республиканского турнира по мини-футболу

**С 21 по 22 декабря в городе Темиртау проходил турнир по футзалу, посвященный Дню энергетиков.**



Среди 16 участников была представлена и команда Карагандинского технического университета имени Абылкаса Сагинова.

По итогам турнира наша команда стала победителем, одолев в финале со счетом 2:1 команду КМА (Казметаллургавтоматика), составленную из ведущих игроков Караганды и Астаны.

Поздравляем нашу команду с отличным результатом и желаем дальнейших побед и успехов в учебе.



# Письмо Деду Морозу

**Молодежная благотворительная организация Aqniet молодежной ассоциации Jas Orda Карагандинского технического университета имени Абылкаса Сагинова успешно завершили ежегодную благотворительную акцию «Письмо Деду Морозу». Основная цель этого доброго дела — подарить новогодние подарки детям из социальных учреждений, многодетных и малообеспеченных семей.**

В рамках акции дети из малообеспеченных и многодетных семей, в том числе воспитанники государственных учреждений, писали письма Деду Морозу, рассказывая о своих мечтах и подарках, которые они хотели бы получить. Волонтеры молодежной благотворительной организации Aqniet публиковали эти письма в социальной сети Instagram, чтобы студенты, сотрудники университета и все жители города могли принять участие в акции и исполнить мечты детей.



— *В результате акции в этом году мы порадовали 602 ребенка. Среди них: 425 детей из многодетных и малообеспеченных семей получили свои подарки, а также 177 воспитанников социального учреждения «Таншолпан» получили сладкие угощения. Кроме того, мы от себя лично подарили новогодние подарки детям из семей, находящихся в сложной жизненной ситуации, проживающих в Караганде, Темиртау и Пришахтинске,* — рассказали организаторы.

Они поблагодарили всех, кто поддержал благотворительную акцию, и пожелали удачи, счастья и благополучия в Новом году. Добро всегда возвращается добром!



## Қазақстан пара пауэрлифтинг федерациясының президенті Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ мен оқу орнының оқытушысына алғысын білдірді

**Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті жоғары білікті бәсекеге қабілетті мамандар даярлаумен, және де өзінің спорттық жетістіктерімен танымал. Мұнда оқу мен спортты сәтті қатар алып жүруге болады. Бұған студенттік пәндік және ғылыми конкурстардағы көптеген жеңістер, сондай-ақ облыс пен республика ауқымында да, халықаралық деңгейде де спорттық жарыстардағы жүлделі орындар дәлел бола алады.**

Университет паралимпиадалық қозғалысты дамытуға белсенді қолдау көрсетеді. Жақында Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ Басқарма төрағасы — Ректоры Сауле Сагинтаеваның атына FPPQZ (Қазақстанның пауэрлифтинг федерациясы) президенті Артур Томицкийден хат келіп түскенін атап өткен жөн. Онда Қарағанды облысы мен университеттің, атап айтқанда, пара пауэрлифтингті жетілдіруге және жалпы Қазақстанда паралимпиадалық спорт түрлерін дамытуға қосқан үлесі атап өтілді.

— *Сіздің күш-жігеріңіз бен жемісті ынтымақтастығыңыз осы спорт түрінің ұлттық деңгейде өсуінде маңызды рөл атқарады,* — делінген хатта. — *Бүгінде пара пауэрлифтинг Қазақстандағы паралимпиада ойындары арасында көшбасшы орынға ие, ал соңғы жылдардағы жарқын жетістіктердің бірі — Париждегі Паралимпиада ойындарында алтын медаль жеңіп алып, екі дүркін Паралимпиада чемпионы атанған ұлттық құраманың спортшысы Дэвид Дягтеревтің жеңісі. Бұл оқиға Қазақстан үшін нағыз жеңіс болды және оның үлгісі көпшілікті шабыттандырды.*

— *Париж-2024 Паралимпиада ойындарындағы тарихи оқиға ерекше назар аударуға тұрарлық,* — деп жазылған хатта, — *онда Қазақстанды бірден Халықаралық санаттағы екі төреші таныстырды. Бұл ұлттық және халықаралық аренада пара пауэрлифтингті дамытудың маңызды қадамы. Сондай төрешілердің бірі — Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Шет тілдері» кафедрасының оқытушысы, пара пауэрлифтингтен Қазақстан Республикасының бас төрешісі, пауэрлифтингтен халықаралық дәрежедегі спорт шебері, еліміздің бірнеше дүркін чемпионы және халықаралық дәрежедегі төреші Наталья Цхай. Наталья Леонидовна үшін Париж-2024 Паралимпиада ойындарына қатысу өте жоғары деңгейдегі дебют болды. Осы дебют арқылы ол халықаралық аренада пара пауэрлифтингтің дамуына айтарлықтай үлес қосты.*

«Қазақстанның Пара Пауэрлифтинг Федерациясы» Республикалық қоғамдық бірлестігі университетке және Наталья Цхайға шын жүректен алғысын білдірді.

«За политехнические знания»
№10(1636) 30 желтоқсан 2024 ж.
Меншік иесі және құрылтайшысы: ӨМК Қарағанды техникалық университеті
Редакцияның мекен-жайы: 100027, Қарағанды қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 56 үй, бас корпусының 403 каб. Тел.: +7 701 394 81 18, 56-24-10 (қос. – 1079).
Эл. пошта: gazeta.kstu@mail.ru. Газетті www.kstu.kz сайтынан оқуға болады.

БАҚ есепке қою туралы куәлігі Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде № 4253-Г 08.10.2003 ж. берілген.
Айына 1 рет жарық көреді. Таралымы: 350 дана.
Газеттің басылған орны: 100027, Қарағанды қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 56 үй, 4 корпус. ҚарТУ баспасы.
Редактор: А. Александров
Фото: Д. Иманалиев.

Тарату аймағы: Қарағанды техникалық университеті.
Материалдарды қайта басу кезінде газетке сілтеме жасалуы шарт.
Редакция пікірі мақала авторларының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін.
Редакция мүмкіндігінше авторлық стильді және жарияланымның емлесін сақтайды. Редакция ұсынылған авторлық материалдарды себебін түсіндірусіз қабыл алмауға құқылы. Қолжазбаларға пікір жазылмайды және қайтарылмайды.